

**Әбілқасымова К.М., Балқожа М.А.**

*Қазақ ұлттық аграрлық университеті*

**АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ЖЕРЛЕРІНЕ ИНВЕНТАРИЗАЦИЯ ЖҮРГІЗУДЕГІ ЖЕРГЕ ОРНАЛАСТЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ**

**Андатпа** Мақалада Алматы облысы жерлеріне инвентаризация жүргізуде жасалатын жерге орналастыру жұмыстары туралы жазылған. Инвентаризация жұмыстарын жүргізу мақсаты - жердің сандық және сапалық жағдайын анықтау сонымен қатар ауыл шаруашылық жерлерін дұрыс тиімді пайдалану жолдарын, пайдаланылмай жатқан жерлерді анықтап шара қолдану болып табылады.

*Кілт сөздер:* жер, инвентаризация, жерге орналастыру, ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлер.

**Кіріспе** Қазақстан Республикасының жер пайдаланушылардың негізгі мақсаты ауыл шаруашылығы жерлерінің приоритетін сақтау және жерлердің құнарлығын сақтап қалу, орман қорларын қалпында ұстау үшін экологиялық, құқықтық, қоғамдық және басқа да жағдайларды жетілдіру болып табылады. Осы мақсатты орындаудың ең маңызды құралы жер пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау болып саналады.

Қазақстан Республикасының жер қоры 272,5 млн. га құрайды. ТМД елдерінің арасында оның территориясы Ресей Федерациясынан кейін 2-ші орын, ал дүние жүзі бойынша 9-шы орын алады. Қазақстанның бүкіл жер қоры өте қуаң климатпен сипатталатын табиғи аймақтарда орналасқан. Қоғам тарихында жер иелену және жер пайдалану формаларының алмасуы әрқашанда жерге орналастыру арқылы жүзеге асып отырады.


2011 жыл 12 қаңтар Қазақстан Республикасының Президентінің қатысуымен өткен жиналыстың № 01 – 7.1. хаттамасы негізінде жер ресурстарын басқару Агенттігіне ауыл шаруашылық жерлерін инвентаризациялау жұмысы тапсырылды. 2012 жылда бұл жұмыстардың 30 пайызы орындалды, яғни үш жылға жоспарланған 90 млн.га ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің 30,6 млн.га жеріне инвентаризациялау жүргізілді. Инвентаризациялаудың мақсаты ауыл шаруашылық жерлерін дұрыс тиімді пайдалану жолдарын анықтау, пайдаланылмай жатқан жерлерді анықтап шара қолдану болып табылады [1]. Ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерді инвентаризациялау жұмыстары жалғасуда. Селекторлық тәртіптегі Үкімет отырысында Өңірлік даму министрлігі мен облыс басшылары еліміздегі ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерді инвентаризациялаудың бірінші кезеңінің қорытындысы бойынша есеп берді.

Кесте 1 – Облыс бойынша әкімшілік аудандар мен елді – мекен жерлерінің саны мен көлемі

Облыс атауы	Жер көлемі мың.га	Әкімшілік-территориялық бірлік саны			
		Аудандар	Поселка мен қалалар	Ауыл елді-мекен	Ауылдық (селолық) округтар
Алматы облысы	22 379,2	16	25	740	251

Алматы облысында 16 аудан мен облыстық маңыздағы 3 қала (Талдықорған, Қапшағай, Текелі) құрап отыр. Алматы облысының табиғи климаттық жағдайы шөл даладан мәңгі қар жататын аумаққа дейінгі 5 климаттық аймақтан тұрады.

Жер ресурстарының жағдайының жақсаруы жерді дұрыс пайдаланылуынан болады. Жер ресурстарын қорғау арқылы ауыл шаруашылық егістіктерінің түсімін арттыруға қол жеткізе аламыз. Алматы облысының жер қоры - 22381,5 мың га алып жатыр. Ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлер - 35 пайызды құрайды, елді-мекен жерлер 4 - пайызды, өнеркәсіп, көлік байланыс және өзге де ауыл шаруашылық мақсатына арналмаған жерлер - 1,4 пайызды, ерекше қорғалатын жерлер - 5 пайызды, орман қоры - 18,3 пайызды, су қоры - 0,0010 пайызды, босалқы жерлер - 36 пайызды құрайды, ол суретте көрсетілген [1].



2012 ж. Алматы облысының жер қоры динамикасы

Кесте 2 - Алматы облысының жерлерінің санаттар бойынша бөлінуі 2012 жылдың 1 қарашасына, мың га

Облыс атауы	Жер санаттары							Барлық жерлер
	Ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлер	Елді-мекен жерлер	Өнеркәсіп, көлік, байланыс және өзге де ауыл шаруашылық мақсатына арналмаған жерлер	Ерекше қорғалатын жерлер	Орман қоры	Су қоры	Босалқы жерлер	
Алматы облысы	7 867,5	853,9	282,3	1 086,7	4 077,7	93,4	8 020,0	22381,5

Инвентаризациялау – жердің сандық және сапалық жағдайын анықтау мақсатында жүргізілетін бір уақыттық түгендеу жұмыстары. Кешенді инвентаризация дегеніміз барлық жер қорының жағдайын төмендегі келтірілген мақсаттарға сай орындау:

- жер пайдаланушылар мен жер иеленушілердің меншігіндегі және басқа жер санаттары құрамындағы ауыл шаруашылығы алқаптарының сандық және сапалық жағдайын анықтау;
- әртүрлі шаруашылықтық әрекеттер нәтижесінде бүлінген жерлердің санын және бүліну дәрежесін анықтау;
- пайдаланымдағы су қорларының сапалық жағдайын және пайдалану деңгейін, санын анықтау;
- елді мекендер жерлерінің ауданын анықтау;
- орман, су қоры жерлерінің, босалқы жерлердің ауданын анықтау;
- басқа жер пайдаланушылардың жерлерінің ауданын анықтау (кәсіпорындардың, байланыс, қорғаныс және басқа мақсаттардағы);
- бүлінген жерлерді рекультивациялау үшін техникo-құқықтық негізді дайындау[2].

Инвентаризация жұмыстарын ұйымдастыру мен технологиясын жүргізу ауыл шаруашылығы айналымына тартылған ауыл шаруашылығы алқаптарды түгендеу бойынша жұмыстар бекітілген Техникалық спецификаға сәйкес жүзеге асырылады.

Инвентаризациялау, барлық ауыл шаруашылығы ұйымдарда, шаруа және фермерлік қожалықтарда меншік және шаруашылығы (бағбандық және саяжай құрылысын жүргізу үшін азаматтарға берілген жерден басқа) жүргізу формасына тәуелсіз жер пайдаланудағы кадастрлық кварталдар бойынша жүргізіледі[1].

Жұмыстарды атқару үшін құрамында аумақтық жер инспекциясы, жер қатынастары бойынша органдар, ауыл шаруашылығы, селолық әкімдер, «МемжерҒӨО» РМК бөлімшелерінің өкілдері бар комиссия, аудан әкімнің өкімімен құрылады. Суармалы жерлер болған кезде, қосымша су шаруашылығы өкілдері комиссия құрамына енгізіледі.

Жерлерді инвентаризациялау бойынша жұмыстар көлемі, ауданмен, олардың жинақтарымен, оның ішінде алдын-ала облыспен және республикамен белгіленген бойынша жыл сайынғы жұмыстарды аяқтаудың қаржылық жоспарына сәйкес атқарылады.

Жерлерді түгендеу бойынша жұмыстар «МемжерҒӨО» РМК–нің өндірістік кәсіпорндарымен республикалық бюджет қаражаты есебінен атқарылады.

Жерлерді түгендеу бойынша жұмыстар құрамына келесілер кіреді:

Дайындық жұмыстары - аэросуретгеодезиялық, топырақтық, геоботаникалық және басқа іздестіру, бұрынғы түгендеу, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер материалдары мақсатындағы жерлер материалдары, шаруашылық ұйымдастыру (қайта ұйымдастыру) бойынша кадастрлық істер, ішкі шаруашылық және шаруашылық аралық жерге орналастыру жобалары, табиғи және экономикалық жағдайлар туралы мәліметтер, жердің құрамы және пайдалануы туралы деректер, басқа аумақтарды тексеруді сипаттайтын ақпараттар.

Далалық жұмыстар - далалық жұмыстар процессінде: жергілікті жерде ақпаратты жинау; белгіленген мақсатта және түгендеу міндеттеріне сәйкес жер учаскелерін зерттеу; тексеру актісі мен сызбасын құрастыру жүргізіледі.

Жерлерді түгендеу бойынша далалық жұмыстар процесстерінде аудан органдарының, селолық әкімдердің, шаруашылық басшылары мен мамандардың ауыл шаруашылығы алқаптарын түгендеудегі одан әрі пайдалану туралы пікірлері мен ұсыныстары анықталады.

Камералдық жұмыстар - далалық зерттеулер, жерлерді пайдалануды жақсарту бойынша ұсыныстарды әзірлеу материалдарын, аудандық, облыстық және республикалық деңгейдегі материалдар жиынтығын дайындау кіреді.

Материалдарды әзірлеу, бекіту және беру жұмыстары.

Инвентаризация жұмыстарын жүргізу мақсаты - ауыл шаруашылық жерлерін дұрыс тиімді пайдалану жолдарын анықтау, пайдаланылмай жатқан жерлерді анықтап шара қолдану болып табылады [3].

#### Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының 2012 жылғы жер жағдайы және оны пайдалану туралы жиынтық талдамалы есебі. - Астана, 2013ж. - 215с.
2. Научно-методические указания по мониторингу земель РК. - Алматы, 1994г.-6с.
3. М.А.Гендельман «Научные основы землеустройства, курс лекций» - Акмола: ААГРУ, 1995 г.- 145с.

Абилкасымова К.М., Балқожа М.А.

#### ЗЕМЛЕУСТРОЙТЕЛЬНЫЕ РАБОТЫ ПРИ ПРОВЕДЕНИИ ИНВЕНТАРИЗАЦИИ ЗЕМЕЛЬ В АЛМАТИНСКОМ ОБЛАСТИ

Инвентаризация земель является одним из мероприятий, выполняемых при проведении землеустройства. Инвентаризация земель предоставляет собой работу по изучению состояния земель, направленную на получение информации об их количественном и качественном состоянии.

*Ключевые слова:* земля, инвентаризация, землеустройство, земли сельскохозяйственного назначения.

К.М. Abilkasymova, M.A.Balkozha

#### LAND MANAGEMENT OF THE LAND INVENTORY IN THE ALMATY REGION

Inventory of land is one of the activities performed by the administration. Inventory of land provides a work to examine the State of the land aimed at obtaining information on their quantity and quality.

*Key words:* land, inventory, land management, agricultural land.

УДК: 626.87:633.18:631

**Бекбаев Р.К., Жапаркулова Е.Д.**

*Казахский научно-исследовательский институт водного хозяйства*

#### ЭКОЛОГО-МЕЛИОРАТИВНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ОРОШАЕМЫХ ЗЕМЕЛЬ ГОЛОДНОСТЕПСКОГО МАССИВА

**Аннотация.** Значительные объемы технологических потерь воды в оросительной сети и на полях орошения неизбежно приводят к засолению и осолонцеванию орошаемых земель и загрязнению водных источников.

*Ключевые слова:* орошение, засоления, минерализация, фильтрация, водоподача.

Анализ развития орошаемого земледелия в Казахстане показывает, что при сложившейся тенденции устойчивого сокращения водных ресурсов и ухудшения их качества, проблемы экономного расходования воды на орошение приобретают не менее